ҚАУЛЫ

2025-жылғы 23-қыркүйек №1599-25-00-2а/1072 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында: төрағалық етуші судья Р.С.Ахметова,

судьялар А.Д.Дауренбеков, Н.К.Танкиева,

хатшылықта П.Б.Тұрлан болып,

талап қоюшы өкілі А.Е.Ахмедиярдың,

жауапкер өкілдері С.Е.Құлниязовтың, С.Ж.Дарысбаевтың қатысуыларымен,

ашық сот отырысында бейнеконференц байланысы арқылы, «Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Есиль-2018» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы электрондық азаматтық ісі бойынша Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025-жылғы 25-шілдедегі шешіміне талап қоюшы келтірген апелляциялық шағымды қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген. Талаптың негізі ретінде жауапкермен конкурсқа қатысу барысында еңбек ресурстарына ие болуына қатысты біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсынғаны көрсетілген.

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025-жылғы 25-шілдедегі шешімімен талап қою қанағаттандырудан бас тартылған.

Талап қоюшы бірінші сатыдағы соттың шешімімен келіспей, онда сот актісі жан-жақты зерттелмей шығарылғанын, шешімде баяндалған тұжырымдары істің мән-жайларына сәйкес келмейтіндігін, іс үшін маңызы бар мән-жайлардың дәлелденбегендігін, материалдық, процестік құқық нормаларының дұрыс қолданылмағандығын көрсетіп, шешімнің күшін жойып, талап қоюды қанағаттандыруды сұраған.

Сот алқасы тараптардың түсініктемелерін тыңдап, іске тіркелген құжаттарды зерттеп, апелляциялық шағымдағы мән-жәйларды тексеріп, келесідей тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 427-бабының екінші бөлігіне сәйкес апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге іс үшін маңызы бар мән-жайлар ауқымының дұрыс айқындалмауы және анықталмауы, бірінші сатыдағы сот анықтаған, іс үшін маңызы бар мән-жайлардың дәлелденбеуі, шешімде баяндалған бірінші сатыдағы сот түйіндерінің істің мән-жайларына сәйкес келмеуі, материалдық немесе процестік құқық нормаларының бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы, сот отырысының хаттамасын жүргізу міндеттілігі осы

Құжатқа қол қойылған: Ахметова Р. С., 30.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Дауренбеков А. Д., 30.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Танкиева Н. К., 30.09.2025

Кодексте көзделген сот отырысы, жеке процестік әрекет хаттамасының істе болмауы негіз болып табылады.

Аталған азаматтық іс бойынша бірінші сатыдағы соттың тарапынан істі қарау барысында мұндай заңбұзушылыққа жол берілген.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024-жылғы 1-шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Заңның (бұдан әрі – Заң) 14-бабының 1-тармағына сәйкес, анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Анық емес ақпарат ұғымы Заңның 3-бабының 1) тармақшасында көрсетілген, әлеуетті өнім берушінің конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Заңның 11-бабының 1-тармағының 4) тармақшасында жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуда әлеуетті өнім берушіден шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарының болуын талап етуге тапсырыс берушінің құқығы белгіленген.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 3-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат беру фактісін анықтаған органдар, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен Заңда белгіленген мерзімдерде сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 8-бабының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Талап қоюшы талап қоюда жауапкердің конкурсқа қатысу барысында еңбек ресурстарына ие болуына қатысты біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсынғанын көрсеткен.

Іс материалдарымен анықталғандай, 2025-жылғы 10-сәуірде талап қоюшы бірыңғай ұйымдастырушы ретінде мемлекеттік сатып алулар веб-порталында №14437375-2 «Ақтөбе қаласы Алматы ауданы аумағында апатты үйлерді бөлшектеу» ашық конкурс тәсілімен, жалпы сомасы 264 695 321 теңгеге мемлекеттік сатып алуды жариялаған.

1599-25-3-2/1073

Құжатқа қол қойылған: Ахметова Р. С., 30.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Дауренбеков А. Д., 30.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Танкиева Н. К., 30.09.2025

Конкурсқа қатысу үшін келесі материалдық және еңбек ресурстарының бар болуы талап етілді: жылжымалы компрессорлық станциялардан жұмыс істеген кезде пневматикалық балғалар - 2 дана, қысымның іштен жану қозғалтқышы 686 кПа (7 атм) аспайтын жылжымалы компрессор - 1 дана, тракторшы-машинист - 13 адам.

Әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері 2025-жылдың 11-18 сәуір аралығында қабылданған.

«Есиль-2018» ЖШС-і өтініміндегі №11 қосымшасында материалдық ресурс болып табылатын жылжымалы компрессорлық станциялардан жұмыс істеген кезде пневматикалық балғалар - 2 дана, қысымның іштен жану қозғалтқышы 686 кПа (7 атм) аспайтын жылжымалы компрессорлар - 1 дана меншігінде деп көрсетіп, растаушы құжат ретінде 2025-жылғы 16-сәуірде әзірленген №38 қойма есебі бойынша тауарларды сыртқа шығару туралы жүкқұжат электрондық көшірмесін ұсынды. Тауарды сатушы/жөнелтуші болып жеке кәсіпкер «Мақсат» көрсетілген.

Ақтөбе қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының жауабында электрондық шот-фактура ақпараттық жүйесінде 2025-жылғы 16-сәуірдегі №38 жүкқұжаты тіркелмегендігі туралы хабарланған.

Алқа отырысында 2025-жылғы 16-сәуірдегі №38 жүкқұжатында көрсетілген мүлік жауапкердің жеке меншігі болып табылатындығын анықтау мақсатында, жауапкерге мүлікті сатып алғандығы туралы төлем құжатын және мүлікті көрсету ұсынылған болатын.

Жауапкер өкілі-директор С.Е.Құлниязов мүлік Ақтөбе қаласында базада десе, ал екінші өкіл Атырау қаласында жүргізіліп жатырған жұмыстарға қолданылуда екенін көрсетті, оған қоса тауар қолма-қол ақшаға сатылып алынғанын, яғни төлем құжатының жоқтығын және де заңды тұлғаның бухгалтерлік есебіндегі балансқа алынбағанын көрсетті.

Мұндай жағдайда, сот алқасы талап қоюшының жауапкермен конкурстық өтінімде біліктілік талаптары туралы анық емес ақпаратты бергендігі туралы уәжін негізді деп санайды, себебі АПК-нің 65-бабының үшінші бөлігінің талаптарына сәйкес жауапкермен тиісті дәлелдемелер ұсынылған жоқ.

Сонымен қатар, жауапкермен еңбек ресурстары бойынша тракторшы-машинист М.А.Байменовтың 2016-жылдың 25-желтоқсанында Мұғалжар аудандық ауылшаруашылық бөлімімен берілген ГИ №034759 куәлігінің электрондық көшірмесі жолданған, алайда Мұғалжар аудандық ауылшаруашылық бөлімінің 2025-жылғы 25-сәуірдегі хатында жауапкердің көрсеткен тракторшы-машинистінің куәлігі тіркелмегендігі туралы хабарланған. Бұл мән-жайлар жауапкермен дауланбайды.

1599-25-3-2/1073

Құжатқа қол қойылған: Ахметова Р. С., 30.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Дауренбеков А. Д., 30.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Танкиева Н. К., 30.09.2025

Жауапкер конкурсқа қатысу үшін берілген өтінімде көрсетілген мәліметтердің және оған қоса берілген құжаттардың дұрыстығына толық жауапкершілікті өз мойнына алған.

Заң шығарушы анық емес ақпарат беру фактісін мемлекеттік сатып алуға қатысуға жіберілген немесе оның жеңімпаздары деп танылған әлеуетті өнім берушілермен ғана байланыстырмайды.

Жауапкердің біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат беруінің өзі оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін жеткілікті негіз болып табылады.

Бірінші саты сотының конкурсқа қатысқан кезде жауапкер ұсынған материалдық ресурстары туралы мәлімет анық емес ақпарат болып табылбылмайтындығы туралы тұжырымы алқа отырысында анықталған істің мән-жайларына сәйкес келмейді.

Істің мұндай тұрғысында апелляциялық сот алқасы бірінші саты сотының даулы болып отырған шешімінің күші жойылуға, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы жаңа шешім қабылдануға жатады деп санайды. Апелляциялық шағым қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден жергілікті бюджеттің пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

Жоғарыдағылардың негізінде және АПК-нің 423-бабын, 424-бабының бірінші бөлігінің 1) тармақшасын, 425-426, 431 баптарын басшылыққа алып сот алқасы,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025-жылғы 25-шілдедегі осы азаматтық іс бойынша шешімінің күші жойылсын, жаңа шешім қабылдансын.

«Ақтөбе облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Есиль-2018» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Есиль-2018» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым қанағаттандырылсын.

Қаулы жария етілген кезден бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар және іске қатысушы басқа тұлғалар Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 54 тарауының талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтық істер бойынша

Құжатқа қол қойылған: Ахметова Р. С., 30.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Дауренбеков А. Д., 30.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Танкиева Н. К., 30.09.2025

кассациялық сотқа қаулы заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде өтінішхат (наразылық) келтіруге құқылы.

Төрағалық етуші Р.Ахметова

Судьялар: А.Дауренбеков

Н.Танкиева

ЖАДНАМА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте өтінішхат жіберу кезінде

ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

I. Өтінішхаттың АПК-нің 434-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкестігін (кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

II. Өтінішхаттың АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкестігін (өтінішхаттың мазмұны). Тапсырма бойынша өкілдік ету АПК-нің 61-бабына сай ресімделеді.

Өтінішхатқа сенімхат, адвокат куәлігі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, заң консультанттары палатасына мүшелікті растайтын құжатты міндетті түрде тіркеу қажет.

III. Соттардағы мемлекеттік баж төлеу Салық кодексінің 610-бабына сәйкес жүргізіледі. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Салық кодексінің 616-бабында көрсетілген. Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабының талаптарына сай анықталады («Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағы);

IV. Мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

Құжатқа қол қойылған: Ахметова Р. С., 30.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Дауренбеков А. Д., 30.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Танкиева Н. К., 30.09.2025

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6205

БКК 108126

ТТК 911

1599-25-3-2/1073

Құжатқа қол қойылған: Ахметова Р. С., 30.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Дауренбеков А. Д., 30.09.2025
Құжатқа қол қойылған: Танкиева Н. К., 30.09.2025

ЖАДЫНАМА

Құрметті сот ісіне қатысушы!

Егер Сіз апелляциялық сатыдағы қаулымен келіспесеңіз, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде оны кассациялық сотқа шағымдануға құқығыңыз бар (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 435, 436-бабы).

Қазақстан Республикасының кассациялық сотына өтінішхат берер алдында мыналарды міндетті түрде тексеріп алыңыз:

I. Сіздің ісіңіз кассациялық тәртіпте қаралуға жата ма?
ҚР АПК-нің 434-бабының 2-бөлігімен танысыңыз, онда кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актілерінің тізбесі көрсетілген.

II. Өтінішхат пен құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы
- Өтінішхат ҚР АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Егер сіз өкіл арқылы жүгінсеңіз, оның өкілеттігі ҚР АПК 61-бабына сәйкес ресімделгеніне көз жеткізіңіз.
- Өтінішхатқа мыналар қоса берілуі тиіс:
  - сенімхат
  - адвокат куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (адвокат үшін)
  - заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат (заңгерлер үшін).

III. Мемлекеттік бажды төлеу
Мемлекеттік бажды төлемес бұрын:
- ҚР Салық кодексінің 610-бабымен;
- АПК-нің 104-бабымен;
- Жоғарғы Соттың 07.07.2016 жылғы №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағымен.
- ҚР СК 616-бабымен (мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері) мұқият танысыңыз.

IV. Қазақстан Республикасының кассациялық сотына мемлекеттік бажды төлеу үшін деректемелер:

Бенефициары: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

БСН: 981140001115

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6203

БСК 108126 - Жергілікті бюджетке түсетін мемлекеттік баж

ТТК 911

Кужатка кол койылган: Ахметова Р. С., 30.09.2025
Кужатка кол койылган: Дауренбеков А. Д., 30.09.2025
Кужатка кол койылган: Танкиева Н. К., 30.09.2025
1599-25-3-2/1073